| | | | | Осы мекемеге жүк-телген функцияларды орындау үшін | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 101 | Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар тырысқаққа қарсы станциялары | бекітілген штат саны бар мына Обаға қарсы күрес станцияларын ұстау: Атырау - 302 бірлік, Арал теңізі - 179 бірлік, Ақтөбе - 63 бірлік, Орал - 301 бірлік, Талдықорған - 250 бірлік, Маңғыстау - 107 бірлік, Шымкент - 104 бірлік, Қызылорда - 182 бірлік, Жамбыл - 63 бірлік, Шалқар - 55 бірлік. Бекітілген жобалық-сметалық құжаттама мен Мемсараптаманың қорытындысына сәйкес 7 обаға қарсы күрес мына станцияларды күрделі жөндеу: Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Талдықорған, Орал, Маңғыстау және Қызылорда. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес 373 бірліктен кем емес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу, оның ішінде обаға қарсы мекемелердің зертханаларын кезең-кезеңмен жаңғыртуды жүргізу. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар обаға қарсы күрес станциялары |
| 4 | | 102 | Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы | Осы мекемеге жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген 250 бірлік штат саны бар Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясын ұстау. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес 86 бірліктен кем емес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, оның ішінде бактериялық, және вирусты жұқпаларды, оның ішінде аса қауіпті және жұқпаларды (әдеттен тыс пневмония, құс | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық санитарлық-эпидеми- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тұмауы және басқа-лар) диагностикалау жөніндегі референс-зертханаларды ашу үшін жабдық сатып алу. | | ологиялық станциясы |
| 5 | | 103 | Көлік-тегі сани-тарлық-эпиде-миоло-гиялық сарап-таманың өңірлік орта-лықтары | Осы мекемеге жүктел-ген функцияларды орындау үшін бекітілген 26 бірлік штат саны бар Оңтүстік Қазақстан өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемио-логиялық сараптама орталығын, бекітілген 131 бірлік штат саны бар Алматы өңірлік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығын, бекітілген 121 бірлік штат саны бар Ақмола өңірлік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығын, бекітілген 90 бірлік штат саны бар Батыс өңірлік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығын, бекітілген 11 бірлік штат саны бар Солтүстік-Батыс өңірлік әуе көлігін-дегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығын ұстау. Қазақстан Республика-сы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітіле-тін тізбеге сәйкес 110 бірліктен кем емес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу. Астана қаласында Солтүстік-Батыс өңірлік әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы үшін ғимарат сатып алу. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министр-лігінің өңірлік көліктегі санитарлық-эпидемиоло-гиялық сараптама орталықтары |
| 6 | | 104 | СПИД-тың алдын алу жә-не оған қарсы күрес жүргізу жөнін-дегі респуб-ликалық орталық | Осы мекемеге жүктел-ген функцияларды орындау үшін бекітілген 59 бірлік штат саны бар ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталығын ұстау. Қазақстан Респуб-ликасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекіті-летін Тізбеге сәйкес 22 бірліктен кем емес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Ден-саулық сақтау министр-лігінің ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жө-ніндегі республи-калық орталығы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби ауруларын азайту есебінен елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту; Арал теңізіндегі Барсакелмес аралының індеттік әлеуетін айқындау және оңалту әдістемелерін әзірлеу; халық арасында індет пен аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулар жағдайларының алдын алу, уақтылы оқшаулау және жою; АҚТҚ инфекциясының таралу қарқынын төмендету; жұқпалы аурулар диагностикасының уақыттылығы мен сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
267-ҚОСЫМША

Ескерту. 267-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары**
**үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарын өндіру"**
**деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 292436 мың теңге (екі жүз тоқсан екі миллион төрт жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 42-бабы , "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 карашадағы Заңының 12-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы желтоқсандағы Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 карашадағы N 4153 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар

туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикалық емдеу-алдын алу ұйымдарын, ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми орталықтар мен медициналық ұйымдарды қан препараттарымен (алмастырғыштар) және оның компоненттерімен қамтамасыз ету. Республикалық емдеу-алдын алу ұйымдарын, ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми орталықтар мен медициналық ұйымдар үшін қан антигендері бойынша донорларды арнайы іріктеу. Донорлық кадрларды жоспарлау және есепке алу. Жұмылдыру міндеттері бойынша арнайы іс-шараларды жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қанды дайындау, оның компоненттері мен препараттарды сақтау, қанның компоненттері мен препараттарын өндіруге арналған жаңа технологияларды енгізу, қанның жаңа компоненттерін шығару, иммуногематологиялық зерттеулер жүргізу, стандарттарға сәйкес сирек қан топтары мен оның компоненттерін, донорлар мен реципиенттердің қанын ұзақ мерзімді сақтау банкін құру. Емдеу-алдын алу ұйымдарына қанды, оның компоненттерін, препараттар мен қан алмастырғыштарды қалбырлау жөнінде практикалық көмек көрсету. Қанның жұмылдыру резервін жаңарту, толықтыру, жаңа дем беру және ұстау. Сақталған қанның, оның компоненттерінің, препараттар мен қан алмастырғыштардың сапасын сараптау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Респуб-ликалық денсау-лық сақтау ұйым-дары үшін қанды, оның компо-нент-терін және препа-рат-тарын өндіру | Қан мен оның компоненттерін өндіру, дайындау және қан мен оның құрамбөліктерін сақтауға (сирек қан топтары мен препарат-тарды ұзақ мерзімді сақтау, қан плазмасын қайта өңдеу) байланыс-ты қызметтерге ақы төлеу. 20000 литр дайындалған және қайта өңделген орта жылдық саны. Қанның қорын жа-ңарту және толықтыру жөніндегі арнайы іс-шараларды жүргізу. Донор кадрды есепке алу. Медициналық жаб-дықтар алуға күрделі трансферттерді аудару. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін тізбеге сәйкес 2 бірліктен кем емес медициналық және медициналық емес жабдық сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық медицина ұйымдары мен қанмен, оның компоненттерімен және препараттармен үздіксіз қамтамасыз ету. Республиканың аумағындағы ірі көлемдегі төтенше жағдайларды қамтамасыз етуге дайындық.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 268-ҚОСЫМША

Ескерту. 268-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Арнайы медицина резервін сақтау"**
**деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 37422 мың теңге (отыз жеті миллион төрт жүз жиырма екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңының 28-бабы ; "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 15-бабы ; " Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 944 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы азаматтық қорғанысының медициналық қызмет мекемелері мен құрылымдары үшін арнайы құрылымдардың жұмылдыру дайындықтарын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесі органдары мен мекемелерінің практикалық және ұйымдастыру-әдістемелік

басшылығымен қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жұмылдыру резервінің мүліктерін жиынтықтау, жаңарту және ауыстыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі денсаулық сақтау жүйесінің мекемелері мен құрылымдарын басқару органдарына республиканың масштабтарында әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Құрылатын мекемелер мен құрылымдарды топтастыру үшін тағайындалған әскери міндеттілердің есебі мен арнайы бөлуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ - дар- лама коды | Кіші бағ- дарлама - лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер- зімі | Жауапты орын- даушы- лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Арнайы ме- дицина резервін сақтау | Осы мекемеге жүк- телген функцияларды орындау үшін бекітілген 36 бірлік штаттық саны бар Республи- калық арнаулы медициналық қамтамасыз ету орталығын ұстау. Жобалық-сметалық құжаттар мен Мемсараптаманың қорытындысына сәйкес Республика- лық арнайы әлеуметтік қамтама- сыз ету орталығының ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы- мен бекітілетін Тізбеге сәйкес 19 бірліктен кем емес медициналық емес жабдықтар сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касы Денсаулық сақтау министрлі- гінің Республи- калық арнаулы медициналық қамтамасыз ету орталығы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің жұмылдыру дайындығын арттыру. Мүліктің сақталу жағдайын, сақталу дәрежесін жақсарту. Ерекше кезеңде құрылған және әскери уақытта арнайы бөлінгендердің санынан оларды медицина кадрларымен толықтырған денсаулық сақтау мекемелері мен құрылымдарының жұмылдыру қорларын мүліктермен жарақтандыру пайызын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 269-ҚОСЫМША

Ескерту. 269-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1536484 мың теңге (бір миллиард бес жүз отыз алты миллион төрт жүз сексен төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 22, 26-баптары ; " Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7 , 47-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жасауды ұйымдастыру мен жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 наурыздағы N 287-9 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: практикалық денсаулық сақтау саласында міндеттерді шешу үшін жаңа технологияларды әзірлеу және қолдану, сондай-ақ медициналық ғылымның басым бағыттарын дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: практикалық денсаулық сақтаудың мынадай негізгі бағыттар бойынша диагностиканың, емдеудің, оңалтудың жаңа әдістерін әзірлеу және сынау: терапия, нейрология, нейрохирургия, педиатрия, акушерлік және гинекология, эндокринология, дерматовенерология, хирургия, урология, травматология-ортопедия, офтальмология, онкология, онкогематология, стоматология, оториноларингология, аллергология және клиникалық иммунология, еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар, республикада денсаулық сақтаудың басқару мен ұйымдастыру, нашақорлық, уыттанушылық, маскүнемдік және психотроптық заттардың өзге де түрлерінен тәуелдік, салауатты өмір салтын қалыптастыру, радиациялық медицина, бәсекеге қабілетті жаңа отандық препараттарды әзірлеу, бағдарламалардың жобаларын және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру

жөніндегі есептерді мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Бекітілген жобалық-сметалық құжаттама-лар мемлекеттік сараптаманың қорытындысымен мынадай 20 басым бағыттар шеңберінде қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындау бойынша: педиатрия, онкология, нашақорлық хирургия, ана мен баланы қорғау, урология, травматология және ортопедия, ішкі және жұқпалы аурулар, оның ішінде АҚТҚ-жұқ-палары мен ЖҚТБ, офтальмология, кәсіби аурулар, тері және венерология аурулары, аса қауіпті және каран-тиндік аурулар, салауатты өмір салтын қалыптастыру, стоматология, гигиена және эпидемиология саласындағы, радиа-циялық медицина және экология саласында-ғы, қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау-дағы, мониторингтің, медициналық-экономика-лық стандарттар мен нормативтердің ғылыми негізін әзірлеудегі, отандық шикізаттан дәрілік түрлер алудағы қызметтерге төлеу. Аурулардың алдын алу және емдеу саласында инновациялық техно-логияларды әзірлеу және енгізу, халық-аралық стандарттарға сәйкес оңтайлы және тиімді әдістерін, сондай-ақ клиникалық медицинаның өзге де өзекті проблемаларын іздестіру. Қазақстан Республи-касының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарла-масының шеңберінде Хирургия ғылыми орталығы, Педиатрия және балалар хирур-гиясы ғылыми орталы-ғы, Ана мен баланың денсаулығын сақтау республикалық ғылыми-зерттеу орталығы, Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты, | | Қазақстан Республи-касы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 009 | | Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Көз аурулары ғылыми-зерттеу институты, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты, Тері-венерология ғылыми-зерттеу институты, Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты, Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы үшін бірегей медициналық жабдықтар алу және Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулар ғылыми орталығының вирустық және бактериалдық жұқпалар жөніндегі типтік референс-зертханасын жарақтандыру. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін сатып алынатын жабдықтардың (диагностикалық және емдік) тізбесіне сәйкес ғылыми ұйымдарға: Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына, Ана мен баланың денсаулығын сақтау республикалық ғылыми-зерттеу орталығына, Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтына, Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Көз аурулары ғылыми-зерттеу институтына, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтына, Тері-венерология ғылыми-зерттеу институтына, Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтына, Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығына, М. Айқымбаев атындағы Қазақ зооноздық және карантиндік жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтына, Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығына, Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығына, Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институтына, Хирургия ғылыми орталығы, "Стоматология" республикалық ғылыми-клиникалық орталығына, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Қазақ мемлекеттік медицина академияларына, Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтына қаражат бөлу. Жобалық-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес Хирургия | Жыл бойы | Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғылыми орталығының, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының, Ана мен бала денсау-лығын сақтау респуб-ликалық ғылыми-зерттеу орталығының, Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты-ның, Нашақорлықтың медициналық-әлеумет-тік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы-ның, Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ғылыми орталығының, М. Айқымбаев атында-ғы Қазақ зоонздық және карантиндік жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтының, Гигиена және эпиде-миология ғылыми орталығының ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеуден өткізу. | | |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: емдеу-диагностикалау іс-шаралары мен алдын алу шараларының тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 270-ҚОСЫМША

Ескерту. 270-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2005 жылға арналған "Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 5397463 мың теңге (бес миллиард үш жүз тоқсан жеті миллион төрт жүз алпыс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 21-бабы ; "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 17-бабы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан

Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 5 , 17, 41, 42, 44-баптары ; " Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 5 , 7 , 16, 17, 18, 24, 29, 53-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, мүгедектер мен оларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 заң күші бар Жарлығының 11-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; " Төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының шұғыл медициналық көмек қызметін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 27 қыркүйектегі N 1068 қаулысы ; "Төтенше жағдайларды ескерту мен жою жөніндегі Қазақстан Республикасының халқына медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1382 қаулысы , "Әлеуметтік жағынан елеулі аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 наурыздағы N 468 қаулысы ; "Республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 326 қаулысы ; "Медициналық көмекке арналған шығындардың орнын толтыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 806 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықты республикада және шетелде жоғары мамандандырылған медициналық көмекпен, сондай-ақ мемлекеттік республикалық мекемелерде медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: азаматтарға республикада және шетелде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету; психикалық аурулардан, алапестен зардап шегушілерге, сондай-ақ Отан соғысы мүгедектеріне арналған

республикалық клиникалық госпитальдің және Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпитальдің контингентіне медициналық көмек көрсету ; төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету; амбулаториялық, емдеу-диагностикалық және оңалту іс-шараларын орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Диагностика мен емдеудің аса күрделі әдістерін, сондай-ақ бірегей медициналық технологияларды пай-далануды қажет ететіндерге 15 бейін бойынша: хирургиялық; кардио-хирургиялық; травматологиялық; урологиялық; нейро-хирургиялық; гинекологиялық; офтальмологиялық; онкологиялық; радио-логиялық; терапия-лық; кардиологиялық; неврологиялық; тері-венерологиялық; наркологиялық және профпатологиялық жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету. Емдеуге жатқызудың болжамды орташа жыл-дық саны 29776. Күрделі трансферт-терді: жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша медициналық ұйымдар үшін: Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтына, Көз аурулары ғылыми-зерттеу институтына, Нашақорлықтың медици- | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | налық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығына, Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтына, Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығына, Хирургия ғылыми орталығына, Тері-венерология ғылыми-зерттеу институтына, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтына, Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығына, Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институтына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес 763 бірліктен кем емес медициналық (емдік және диагностикалық) және медициналық емес жабдық, сондай-ақ автокөлік алуға күрделі трансферттер аудару, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми-медициналық орталықтың кардиохирургиялық клиникасын жарақтандыру.<br>Аталған мекемелерге жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген штат санымен ұстау: Отан соғысының | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 010 | | Жоғары мамандан-дырылған медицина-лық көмек көрсету | мүгедек-теріне арналған республикалық клиникалық госпиталь - 409 бірлік;<br>Отан соғысының мүгедектеріне арнал-ған орталық клиника-лық госпиталь - 167 бірлік;<br>Психиатрия, психо-терапия және нарко-логия республикалық ғылыми-практикалық орталығы - 424 бірлік;<br>Қазақ республикалық лепрозорийі - 212 бірлік;<br>Апаттар медицинасы орталығы - 137 бірлік;<br>Республикалық жіті бақыланатын мамандан-дырылған үлгідегі психиатриялық аурухана - 750 бірлік.<br>Жобалық-сметалық құжаттамаға және Мемсараптаманың қорытындысына сәйкес Отан соғысының мүгедектеріне арналған республика-лық клиникалық госпи-тальдің, Қазақ республикалық лепрозорийінің, Республикалық психиатрия, психо-терапия және наркология ғылыми-практика-лық орталығының, Республикалық жіті бақыланатын мамандан-дырылған үлгідегі психиатриялық аурухананың ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы-мен бекітілетін Тізбеге сәйкес Отан соғысының мүгедек- | Жыл бойы<br>Жыл бойы<br>Жыл<br>бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Қазақстан Республи-касы Ден-саулық сақтау министрлі-гінің Отан соғысының мүгедек-теріне арналған республи-калық кли-никалық госпиталь, Отан соғы-<br><br>сының мү-гедектері-не арнал-ған орта-лық клини-калық гос-питаль, Психиатрия, психотера-пия және наркология республи-калық ғы-лыми-прак-тикалық орталығы, Қазақ рес-публикалық лепрозо-рийі, Апаттар медицинасы орталығы, Республи-калық жіті бақылана-тын маман-данды-рылған үлгідегі психиат-риялық аурухана<br>Қазақстан Республи-касы Ден-саулық сақтау министр-лігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теріне арналған республикалық клиникалық госпитальге, Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығына, Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық ауруханаға, Қазақ республикалық лепрозорийіне, Апаттар медицинасы орталығына 218 бірліктен кем емес медициналық (емдік және диагностикалық) және медициналық емес жабдықтар, сондай-ақ автокөлік пен ұйымдастыру техникасын алу.<br>Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелдік медицина ұйымдарына емделуге жіберу жөніндегі комиссияның қорытындысы негізінде жіберілетін науқастардың емі мен жолақысын төлеу. Жоғарыда аталған комиссияның жолдамасы бойынша еріп жүретін адамдардың жолақысын төлеу. Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін жинақтаушы шығыс материалдары бар диализатор мен иммуносупрессивті препараттарды сатып алу. Бүйрек кемістігі бар науқастарды, сондай-ақ бүйрегін ауыстырып қондырған науқастарды | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | иммуносупрессивтік препараттармен қамтамасыз ету және бүйрек кемістігінің жіті және созылмалы түрлерімен ауыратын науқастарға гемодиализ сеанстары мен иммуносупрессив-тік терапия жүргізу, бүйрегін ауыстырған науқастардың орташа жылдық саны 118, гемодиализді қажет ететін науқастардың орташа жылдық саны - 3360; онкологиялық науқастарды емдеуге арналған химиялық препараттар, науқас-тардың орташа жылдық саны - 560; туберкулез препарат-тары, оның ішінде туберкулез бен ауыратын науқастарға арналған резервтік қатар, науқастардың орташы жылдық саны - 64. | | |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы азаматтарына диагностика мен емдеуге байланысты мейлінше ауыр науқастар кезінде жоғары мамандандырылған медициналық көмекке қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
271-ҚОСЫМША

Ескерту. 271-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Туберкулезбен ауыратындарға мамандандырылған**
**және санаторий-сауықтыру медициналық көмек көрсету"**

**деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 782783 мың теңге (жеті жүз сексен екі миллион жеті жүз сексен үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 18, 44-баптары ; " Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 16, 17,18-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында туберкулезден халықты қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сырқаттану көрсеткіштерін тұрақтандыру, өлім-жітімді азайту, туберкулез бойынша мүгедектік, туберкулезбен ауыратын балалар мен ересектерді оңалту және сауықтыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: туберкулезбен ауыратын науқастарға мамандандырылған жоғары білікті емдік-диагностикалық көмек көрсету, туберкулезбен ауыратын науқастарға организмнің бұзылған функцияларын қалпына келтіруге жәрдемдесетін емдеу-сауықтыру іс-шараларын жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 011 | | Туберкулез-бен ауыратындарға мамандандырылған және санаторий-сауықтыру медициналық көмек көрсету | Осы мекемеге жүктелген қызметті орындау үшін бекітілген штат саны 690 бірліктегі Қазақстан Республикасының туберкулез проблемалары ұлттық орталығын, бекітілген штат саны 210 бірліктегі "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийін, бекітілген штат саны 135 бірліктегі "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийін осы мекемелерге жүктелген функцияларды орындау үшін ұстау. Туберкулезбен ауыратын науқастар үшін туберкулезге қарсы препараттарды, оның ішінде туберкулездің мультирезистентті түрін емдеу үшін және диспансерлік топтағы (вираждық, гиперсезгіштік, жанаспалы) балалардың химиялық профилактикасы үшін резервтік қатарын сатып алу. Туберкулезбен ауыратындардың орташа жылдық саны 1243. Алдыңғы жылдың қалдық препараттарын ескергенде 281 науқас. Химиялық профилактикаға адамдардың саны 150. Алдыңғы жылдың препараттары қалдықтарын есепке алғанда 7 науқас. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Туберкулез проблемалары ұлттық орталығы үшін, "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі үшін; "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийі үшін 84 данадан кем емес медициналық, диагностикалық, зертханалық және медициналық емес жабдықтар және автокөлік сатып алу. Жобалық-сметалық құжаттар мен Мемсараптама қорытындысына сәйкес "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийіне, "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийінің ғимараттарын күрделі жөндеу жүргізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Туберкулез проблемалары ұлттық орталығы, "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийі; "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру; сырқаттану, мүгедектік және өлім-жітім бойынша көрсеткіштерді жақсарту; жаңадан анықталған туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды сауықтыру көрсеткішінің өсуі; басқа адамдарға туберкулез микробактериясының тұрақты штаммдарының берілу қаупін азайту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
272-ҚОСЫМША

Ескерту. 272-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Ана мен баланы қорғау"**
**деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1324420 мың теңге (бір миллиард үш жүз жиырма төрт миллион төрт жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 54, 55-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 25, 26, 33-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ана мен баланың денсаулығын сақтау саласында диагностиканың, емдеу мен оңалтудың тиімді әдістерін әзірлеу және енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әйелдерге, балалар мен жасөспірімдерге, оның ішінде республика аймақтарына мамандардың барып жоғары мамандандырылған, консультативтік-диагностикалық және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуі; орталық жүйке жүйесі, балаларға, оның ішінде БЦП зақымданған балаларға санаторийлық, оңалту, сауықтыру көмегін көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар- лама коды | Кіші бағдар- лама- лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер- зімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Мынадай 3 бейін бойынша жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша медицина ұйымдарына шығындардың орнын толтыру: педиатриялық, балалар хирургиясы, акушерлік-гинекологиялық. "Алатау" республикалық балалар клиникалық санаторий- інде балаларға санаторийлік, оңалту және сауықтыру көмегін көрсету және 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда тікелей балаға күтім жасауды жүзеге асыратын ананың (әкенің) немесе өзге адамның келуі бойынша қызметтерге төлеу. Емдеуге жатқызудың болжамды орташа жылдық саны 1045. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес Ана мен бала | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 012 | | Ана мен баланы қорғау | денсаулығын сақтау республикалық ғылыми-зерттеу орталығына, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына, "Ақсай" республикалық балалар клиникалық аурухана-сына, "Алатау" республикалық балалар клиникалық санаторийіне активтер: қымбат тұратын медициналық жабдықтар, санитарлық көлік пен медициналық емес жабдықтар сатып алуға күрделі трансферттер аудару.<br>Жинақтаушы шығыс материалдары бар диализатор мен иммуно-супрессивті препарат-тар сатып алу, бүйрек кемістігі бар науқас-тарды, сондай-ақ бүйрегін ауыстырып қондырған науқастарды иммуносупрессивтік препараттармен қамтамасыз ету. Бүйрегін ауыстырып қондырғаннан кейін иммуносупрессивті терапияға мұқтаж науқастардың орташа жылдық саны 5 адам. Бүйрек кемістігінің жіті және созылмалы түрлерімен ауыратын науқастарға гемодиа-лиз сеансттарымен иммуносупрессивтік терапия жүргізу. Гемодиализ сеанстарын жүргізу үшін көрсетімі бар науқас-тардың орташа жылдық саны 40 адам. Лейкемиямен ауыратын балаларға химиялық терапия жүргізу үшін дәрілік препараттарды сатып алу. Науқастардың орташа жылдық саны 160 адам.<br>Жобалық-сметалық | Жыл бойы<br><br>Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Қазақстан Республи-касы Ден-саулық сақтау министрлі-гінің "Балбұлақ" республи- | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құжаттамалар мен Мемсараптаманың қорытындысына сәйкес "Алатау" республика-лық балалар клиника-лық санаторийінің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге күрделі трансферттер аудару. Осы мекемеге жүктел-ген қызметті орындау үшін бекітілген штаттық саны 128 бірліктегі "Балбұлақ" республикалық балалар-ды оңалту орталығын ұстау. Қазақстан Рес- публикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге 13 бірліктен кем емес медициналық жабдық сатып алу. | | калық ба-лаларды оңалту орталығы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: барынша күрделі ауруларды диагностикалау мен емдеуде Қазақстан Республикасының азаматтарын мамандандырылған медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету; практикалық денсаулық сақтауға диагностика мен емдеудің тиімді әдістерін енгізу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
272-1-қосымша

Ескерту. 272-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**013 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы**
**қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы**
**органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік**
**орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары**
**мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы**

**трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 83259 мың теңге (сексен үш миллион екі жүз елу тоғыз мың теңге);

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Білім туралы" Қазақстан Республикасындағы 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабының 5) тармағы; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындау мен төлеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты;

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында оқушыларды, оқитындарды әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға қаржылық қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары*:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Облыстық | Қазақстан Республи- | 2005 | Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | касы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық және фармацевтикалық оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару. | жылдың екінші жарты жылдығы | Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында оқушыларды, оқитындарды әлеуметтік қолдау.

*Ескерту: Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламасының паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 273-ҚОСЫМША

Ескерту. 273-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған
"Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары
кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау"
деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 626723 мың теңге (алты жүз жиырма алты миллион жеті жүз жиырма үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 27, 44-баптары ; " Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 29-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18, 48, 51-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; " Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 39, 42-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Білім беру қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен ведомстволық медициналық-санитарлық қызмет қызметкерлерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын жаңарту және тереңдету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: саланың қажеттілігіне сәйкес мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен ведомстволық медициналық-санитарлық қызмет қызметкерлерінің емдік, педиатриялық, стоматологиялық, фармацевтикалық, медициналық-биологиялық, медициналық-алдын алу, фтизиатриялық, мейірбикелік бейіндер, денсаулық сақтау жүйесінің менеджменті бойынша біліктілігін арттыру және қайта даярлау, жекелеген мамандықтар бойынша мамандарды шетелде даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Мемле-кеттік денсау-лық сақтау ұйым-дары кадрла-рының білік-тілігін арттыру және қайта даярлау | Кадрлардың біліктілі-гін арттыру және қайта даярлау бойынша қызметтерге ақы төлеу. Профессор-оқытушы құрамды, денсаулық сақтау жүйесінің менеджерлерін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ма-мандарын негізгі 7 бейін бойынша ел ішінде біліктілігін арттыру және қайта даярлау, мамандарды жекелеген мамандық-тар, оның ішінде фармацевтикалық бейін бойынша шетелде даярлау. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының кемінде 14804 медицина және фармацевтика кадрларының кәсіби деңгейін арттыру. Мамандарды оқыту мерзімі 2 аптадан 10 айға дейін. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жаңа технологияларды, емдеу мен диагностиканың әдістерін енгізе отырып, медицина және фармацевтика кадрларының кәсіби білімдері мен дағдыларын тереңдету көрсетілетін жоғары білікті көмектің деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
274-ҚОСЫМША

Ескерту. 274-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Медициналық білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету"**
**деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3248 мың теңге (үш миллион екі жүз қырық сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 3 , 7 , 18, 48-баптары , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 21-бабы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджетгаң қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: кәсіптік білім беруді жетілдіру, оқу-тәрбие процестерін әдістемелік қамтамасыз ету, оқу орындарының мамандарды даярлау сапасын жетілдіру жөніндегі озық іс-тәжірибесін жинақтау және тарату.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес типтік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендер мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Медици-налық білім беру жүйесін әдісте-мелік қамта-масыз ету | Көлемі 20 баспа парақ мемлекеттік тілде 3 оқулық әзірлеу.<br>Орта медициналық және фармацевтикалық білім беру мәселелері жөнін-де тоқсан сайын көлемі 40 беттік ақпараттық хабаршы әзірлеу.<br>Оқушылар білімін бақылауға арналған көлемі 50 беттік 5 тестілер жинағын әзірлеу.<br>Орта медициналық білімнің барлық мамандықтары бойынша біліктілік емтихан-дарын өткізуге арналған тестілер әзірлеу.<br>Практикалық денсаулық сақтау сұранымдарына сәйкес орта медицина және фармацевтика қызметкерлерінің 10 мамандығы бойынша қосымша білім жөнінде стандарттарды, типтік оқу бағдарламаларын дайындау және шығару;<br>Медицина колледждері-нің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын жетілдіру жөнінде 10 әдістемелік ұсыным әзірлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: кәсіптік білімді жетілдіру, оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз ету. Оқу-әдістемелік

құралдарын әзірлеу және оқытудың қазіргі заманғы әдістерін білім беру практикасына енгізу, орта медициналық және фармацевтикалық білімді мамандарды оқытудың деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
275-ҚОСЫМША

Ескерту. 275-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту"**
**деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 17077500 мың теңге (он жеті миллиард жетпіс жеті миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімдік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы

N 917 қаулысы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халыққа мамандандырылған және жоғары білікті медициналық көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: денсаулық сақтау объектілерінің және медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үйдің жобалық-сметалық құжаттамасын дайындау, мемлекеттік ведомстволық емес сараптамадан өткізу және денсаулық сақтау объектілерін және медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үйді салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту | Алматы қаласында "Педиатрия және балалар хирургиясы" ғылыми орталығы РМҚК жанындағы 150 төсекке арналған емдеу корпусы құрылысының жобасын жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізу; Астана қаласында жобалық-сметалық құжаттаманы медицина қызметкерлер- іне арналған қызметтік үй құрылысы жобасына сәйкестендіру және сол жақ жағалауда жаңадан салынатын медициналық кешендерді медицина кадрларымен қамтамасыз ету үшін аталған объектінің құрылысын салу; жедел жәрдем станциясы бар 240 төсектік Жедел медициналық жәрдем ғылыми-зерттеу институты мен Алматы қаласында 125 төсектік "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының демалыс корпусының, Астана қаласында 160 төсектік Республикалық нейро- хирургия ғылыми орталығының және Астана қа- ласында ауысымына 500 адам қабылдайтын Рес- публикалық диагностикалық орталықтың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткізу және құрылысын салу; Астана қаласында 500 төсектік Ана мен бала республикалық ғылыми орталығының, Астана қаласында 300 төсектік Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысын салу жөніндегі іс-шараларға "2005 жылға арналған республикалық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысының 2-қосымша-сына сәйкес сомалар шегінде инвестициялық жобаларды іске асыру | | Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Алматы қаласында "Педиатрия және балалар хирургиясы" ғылыми орталығы РМҚК жанындағы 150 төсекке арналған емдеу корпусы құрылысы жобасының мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамасы; Астана қаласында жобалық-сметалық құжаттаманы медицина қызметкерлеріне арналған қызметтік үй құрылысы жобасына сәйкестендіру және сол жақ жағалауда жаңадан салынатын медициналық кешендерді медицина кадрларымен қамтамасыз ету үшін аталған объектінің құрылысын салу; бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында жедел жәрдем станциясы бар 240 төсектік Жедел медициналық жәрдем ғылыми-зерттеу институтының құрылысы мен Алматы қаласында 125 төсектік "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының демалыс корпусының, Астана қаласында 160 төсектік Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығының және Астана қаласында ауысымына 500 адам қабылдайтын Республикалық диагностикалық орталықтың құрылысын салу жөніндегі мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамасы мен жұмыстардың көлемі; бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында 300 төсектік Республикалық балалар оңалту орталығының құрылысы бойынша жұмыстардың көлемі; Астана қаласында 500 төсектік Ана мен бала республикалық ғылыми орталығының құрылысын пайдалануға беру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
276-ҚОСЫМША

Ескерту. 276-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Сот-медицина сараптамасы"**
**деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 726148 мың теңге (жеті жүз жиырма алты миллион бір жүз қырық сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі , "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 72-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: азаматтық процессуалдық заңнамада көзделген негіз болған кезде сот анықтамасымен дәлелденген қайта сараптама жүргізілген жағдайда әкімшілік немесе азаматтық процестің қатысушылары болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: сот-медициналық сараптаманы жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Сот-ме-дицина сарап-тамасы | Бекітілген бірлік штат саны бар Сот медицинасы орталығы мен оның филиалдарын ұстау. Жобалық-смета-лық құжаттамалар мен Мемсараптаманың қорытындысына сәйкес Қызылорда, Ақмола және Талдықорған сот-медициналық сараптама филиалдары ғимараттарын күрделі жөндеуді жүргізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі-нің Сот медицинасы орталығы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сот-медициналық сараптамалардың қол жетімділігін, уақтылылығы мен сапасын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
277-ҚОСЫМША

Ескерту. 277-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2005 жылға арналған "Денсаулық сақтау саласында тарихи мұра құндылықтарын сақтау" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 8774 мың теңге (сегіз миллион жеті жүз жетпіс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 24, 33-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мәдени-ағарту жұмысы, құндылықтарды сақтау, денсаулық сақтау саласындағы тарихи мұраларды тиісті деңгейде сақтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстанда медицинаның даму тарихын зерделеу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету; халық денсаулығын сақтау саласында тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау мақсатында мұражайды ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Денсау-лық сақтау сала-сында тарихи мұра құнды-лықта-рын сақтау | Көркем қорды, жәдігер-лерді, мұрағат құжаттарын сақтау және қайта жаңғырту. Жоғары және арнаулы орта медициналық оқу орындарының студент-тері мен оқушыларының білім алу процесіне қатысу . Мұражай жинағының негізінде құжаттау. Оқу-әдістемелік, ақпараттық-библио-графиялық және консультациялық көмекті жүзеге асыру. Зерттеу жұмысы. Көрме қызметі. Экспонаттардың санын көбейту . Қазақстан Республи- | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлі-гінің С.Х.Сүб-ханбердин атындағы Қазақстан медицина-сымен денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | касы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес 2 бірліктен кем емес медициналық емес жабдық алу. | | сақтау тарихы мұражайы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: отандық медицина саласындағы тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау, олардың Қазақстан Республикасы азаматтары үшін сол жететіндей болуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 278-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін құру" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 300000 мың теңге (үш жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында " электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: денсаулық сақтау жүйесінің барлық субъектілерін қамтитын саланың бірыңғай ақпараттық-талдамалық жүйесін

қалыптастыру, бірыңғай ақпаратты жинау, сақтау және талдау жүйесін қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бірыңғай дерекқорды, бағдарламалық құралдар мен телекоммуникациялық технологиялардың, соның ішінде Интернет-технология базасының негізінде денсаулық сақтауды басқару органдарының қызметіне ақпараттық жүйе мен технологияны енгізу, есептеуіш техниканы және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Денсау-лық сақтау-дың ақпа-раттық жүйеле-рін құру | "Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру" инвестициялық жобасын іске асыру. Жобаның 1-ші кезеңін іске асыруды бастау. Қазақстан Респуб-ликасы денсаулық сақтау жүйесінің Бірыңғай ақпараттық жүйесін жобалау үшін техникалық тапсырма-лармен техникалық-жұмыс жобаларын әзірлеу. "Емхана", "Стационар" автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін жаңарту және оларды облыстарға беру. Лейкемиямен ауыратын балалардың тізілімін, "Медициналық ұйымдарды аккредит-теу" кешенді міндет-терін әзірлеу. Ақпараттық жүйелер-дің басымдық міндеттерін шешуге арналған бағдарлама- ларды әзірлеу. Кешенді бағдарлама-лардың өзара байла-нысы, Денсаулық сақ-таудың Бірыңғай ақпараттық жүйесінің талаптарына үйренісу. Есептеуіш техниканы және лицензиялық бағдар-ламалық өнімдерді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: тұрғындар жөніндегі электронды медициналық дерекқорды қалыптастыру, медициналық-демографиялық көрсеткіштердің тұтас кешенінің мониторингі, бастапқы медициналық ақпаратты жинау мен өңдеуді жақсарту, статистикалық есептердің растығын қамтамасыз ету, саланың клиникалық жұмыстары мен денсаулық сақтау ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, медициналық көмектің көлемі мен сапасының мониторингі, денсаулық сақтаудың басқарушылық құрылымдарының шешімдерді қабылдаудың оралымдылығын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
279-ҚОСЫМША

Ескерту. 279-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2005 жылға арналған "Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 5170 мың теңге (бес миллион бір жүз жетпіс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 23, 33-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: денсаулық сақтау қызметкерлерін медицина саласында қазіргі замандағы және қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қазіргі кездегі талаптарға сәйкес медицина саласындағы мамандарға кітапханалық және ақпараттық-кітапханалық қызмет ету. Кітапхана қорын медициналық кітаптармен, оқулықтармен, мерзімдік басылымдармен толықтыру, көрмелер өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | Денсау-лық сақтау | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 020 | | сала-сындағы ақпа-раттың жалпыға қол жетім-ділігін қамта-масыз ету | Бекітілген штат саны 9 бірлік болатын Республикалық ғылыми-медициналық кітапханасын ұстау. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы-мен бекітілетін Тізбеге сәйкес 2 бірліктен кем емес медициналық емес жабдықтар алу. | Жыл бойы | Республи-калық ғы-лыми-меди-циналық кітапхана Қазақстан Республи-касы Ден-саулық сақтау министр-лігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ғылыми-зерттеу мекемелерін және денсаулық сақтау ұйымдарын, сала ғалымдары мен мамандарын халық денсаулығын сақтау жөніндегі осы заманғы және қажетті ақпараттармен дер кезінде қамтамасыз ету, медицина саласындағы кітапхана қорын құнды ғылыми еңбектермен толықтыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
279-1-қосымша

Ескерту. 279-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**021 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 24236 мың теңге (жиырма төрт миллион екі жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабының 5) тармағы; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18

мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында оқушыларды, оқитындарды әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде орта медициналық және фармацевтикалық оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге қаржылық қолдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары*:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік оқу орындарында оқып жатқандар | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық және фармацевтикалық оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол | 2005 жылдың екінші жартыжылдығы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, облыстық, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері |

| | |
|---|---|
| үшін жол жүруге өтем-ақы төлеуге берілетін | жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер аудару ағымдағы нысаналы трансферттер |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында оқушыларды, оқитындарды әлеуметтік қолдау.

*Ескерту: Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 280-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ауылдық (селолық) жерлердегі денсаулық сақтауда ұтқыр және телемедицинаны дамыту" деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 400000 мың теңге (төрт жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысы ; Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімдік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстанның ауыл тұрғындарын сапалы медициналық қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ауылдық медициналық мекемелердің диагностикалау және емдеу мүмкіндіктерін жақсарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | Ауылдық (село-лық) жерлер-дегі денсау-лық сақтау-да ұтқыр және телеме-дицина-ны дамыту | Бекітілген техникалық-экономикалық негізде-меге сәйкес "Ауылдық денсаулық сақтауда мобильді және телемеди-цинаны дамыту" инвести-циялық жобасын іске асыру. Атырау және Қарағанды облыстарының перспек-тивалы және орнықты ауылдық аудандарында телемедицинаны енгізу және телемедицина жабдығымен жарақтан-дыру, медицина кадр-ларын оқыту, ақпарат беру және телекомму-никация құралдарын пай-далана отырып, медици-налық консультациялар жүргізу арқылы Алматы облысының 3 ауданында жобаны жалғастыру. Ауылдық медицина мекемелерінің | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық |

| | | | | диагностикалау және емдеу мүмкіндіктерін жақсарту. | | сақтау министрлігі |
|---|---|---|---|---|---|---|

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Атырау, Қарағанды және Алматы облыстарының ауыл халқын сауықтыру, медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру; жаңа технологияларды енгізу; медициналық білім беруді жетілдіру; кәсіби тәжірибемен халықаралық тәжірибе алмасу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
281-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2005 жылға арналған "Республикалық иммундық-биологиялық зертхананы жарақтандыру" деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 526000 мың теңге (бес жүз жиырма алты миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: медициналық иммунобиологиялық препараттарды стандарттауды, сертификаттауды және инновациялық зерттеулерді жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: иммунобиологиялық зертхананы зертханалық жабдықпен және реактивтермен жарақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| | Бағ- дар- | Кіші бағ- дар- | Кіші бағдар- лама- | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N п/п | лама коды | лама коды | лардың атауы | | - зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 025 | | Респуб-ликалық иммун-дық-биоло-гиялық зертха-наны жарақ-тандыру | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес жинақтағы зертханалық жабдық пен реактивтер сатып алу. 369 бірліктен кем емес зертханалық жабдық сатып алу, Қазақстан Республикасының денсау-лық сақтау ісін рефор-малау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асыру шеңберінде республикалық иммуно-биологиялық зертхананы жарақтандыру үшін. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: медициналық иммунобиологиялық препараттарды стандарттауды, сертификаттауды және инновациялық зерттеулерді жүзеге асыру жөніндегі иммунобиологиялық зертхананы жарақтандыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
282-ҚОСЫМША

Ескерту. 282-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2005 жылға арналған "Білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 884420 мың теңге (сегіз жүз сексен төрт миллион төрт жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысы; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімдік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: медициналық академияның студенттерін оқытудың санитарлық-гигиеналық жағдайларын жасау және тиісті емдеу курсын өткеріп жатқан балаларды үздіксіз оқыту процесін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: денсаулық сақтау саласының мамандарын дайындау инфрақұрылымын қалыптастыру және тиісті емдеу курсын өткеріп жатқан балаларды үздіксіз оқыту процесін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 026 | | Білім беру объек-тілерін салу және қайта жаңарту | "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысының 2 қосымша-сына сәйкес сома ше-гіндегі мыналар жөніндегі іс-шараларға арналған инвестициялық жобаларды іске асыру: "Бурабай" республика-лық балалар-жасөспі-рімдер туберкулездік санаторийінің жанынан шағын комплектілі мек-тептің жобалық-сметалық құжаттамасы-ның мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасын әзірлеу және құрылысын салу; Астана қаласының Бейбітшілік көшесін- | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дегі Қазақ мемлекет-тік медицина академиясын кеңейту және қайта қалпына келтіру. | | сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласының Бейбітшілік көшесіндегі Қазақ мемлекеттік медицина академиясын кеңейту және қайта қалпына келтіру жөніндегі жұмыстың көлемі; "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийінің жанынан шағын комплектілі мектепті пайдалануға беру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
283-ҚОСЫМША

Ескерту. 283-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"**
**деген 027 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 107052 мың теңге (бір жүз жеті миллион елу екі мың теңге)
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына Жолдауы .
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жаңадан салынатын денсаулық сақтау объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жаңадан салынатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға облыстардың бюджеттеріне республикалық бюджеттен трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес жаңадан салынатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға облыстардың бюджеттеріне мақсатты трансферттерді аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *облыстарда жаңадан салынатын денсаулық сақтау объектілерінің жұмыс істеуі.

Ескерту:

*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 284-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**

**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы**

**қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4163745 мың теңге (төрт миллиард бір жүз алпыс үш миллион жеті жүз қырық бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 13, 16, 17, 18, 19, 34, 42, 44, 54, 55-баптары ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 26-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 4 маусымдағы 2003 жылғы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы ; "Халықты жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 488 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: туберкулезбен науқастану көрсеткіштерін тұрақтандыру мен төмендету, туберкулездің асқынған және асқынбаған түрімен ауыратын науқастарды емдеудің тиімділігін арттыру; онкологиялық науқастардың өмір сүру көрсеткіштерін арттыру, науқастың уақытша оңалу кезеңін ұлғайту, аурудың қайталану санын қысқарту; сусамырмен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту, сусамыр асқынуларының санын азайту; гемодиализ жүргізу үшін жіті және созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі нысаны бар науқастарды дәрілік заттармен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету, бүйрек функциясының жетіспеушілігі нысаны бар науқастарды, сондай-ақ ауыстырып қондырылған бүйрек

қызметінің өзгеруі жағдайын болдырмаудың алдын алу, толық ремиссияның (сауығу) жиілігін арттыру мақсатында бүйректі ауыстырып қондырғаннан кейінгі науқастарды иммундық-супрессивтік препараттармен қамтамасыз ету; халықты вакцинациялау арқылы халықтың жұқпалы аурулармен науқастануының алдын алу және төмендету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: дәрілік заттарды, вакциналар мен басқа иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне дәрілік заттарды, вакци-наларды және басқа иммундық- биоло-гиялық препа-раттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансфер-ттер | | | |
| 2 | | 100 | Облыстық бюджет- терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакци-наларды және басқа иммундық- биоло-гиялық препа-раттар- | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес халықты иммундық-биологиялық алдын алуды және 18 жасқа дейінгі балалар мен ересектердің жеке-леген санаттарын вакцинациялаумен 95% қамтуға жету үшін денсаулық сақтау ұйымдарын вакцина-лармен және басқа иммундық-биологиялық препараттармен қамтамасыз етуге | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ды сатып алуға ағымдағы мақсат - ты транс- ферттер | республикалық бюджеттен облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты ағымдық трансферттер аудару | | сақтау министрлігі |
| 3 | | 101 | Облыстық бюджет- терге, Астана және Алматы қалала- рының бюджет- теріне тубер- кулезге қарсы препа- раттарды сатып алуға ағымдағы мақсатты транс- ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастар үшін туберкулезге қарсы препараттарды, оның ішінде туберкулез- дің мультирезистентті түрін емдеу үшін және диспансерлік топтағы (виражды, гиперсезім- талды, байланысты) балаларды химиялық алдын алу үшін резервтік қатарларды сатып алуға республикалық бюджет- тен облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджетте- ріне мақсатты ағымдық трансферттерді аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 4 | | 102 | Облыстық бюджет- терге, Астана және Алматы қалала- рының бюджет- теріне диабет- ке қарсы препа- раттар- ды сатып алуға ағымда- ғы мақ- сатты транс- ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес сусамырға қарсы препараттарды, жеткізу құралдарын сатып алуға және оларды сусамырмен ауыратын науқастарды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты ағымдық трансферттер аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 5 | | 103 | Облыстық бюджет- терге, Астана және Алматы қалала- рының бюджет- теріне онколо- гиялық ауруларға химиялық препа- раттарды сатып алуға ағымда- ғы мақ- сатты транс- ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес онкологиялық науқастарды емдеу үшін химиялық препараттарды сатып алуға республи- калық бюджеттен облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджетте- ріне мақсатты ағымдық трансферттерді аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касының Денсаулық сақтау министрлігі |
| | | | Облыстық бюджет- терге, Астана | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | | 104 | және Алматы қалала-рының бюджет-теріне бүйрегі жетімсіз ауруларға дәрілік заттарды, диали-затор-ларды, шығыс матери-алда-рының және бүйрегі транс-планта-циялан-ғаннан кейінгі аурулар үшін дәрілік заттар сатып алуға ағымда-ғы мақ-сатты транс-ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бүйрек функция-сының жетіспеушілігі бар науқастар үшін шығыс материалдарымен диализаторларды, жиын-тық және иммундық-супрессивтік препарат-тарды сатып алуға, сондай-ақ бүйректі ауыстырып қондыру жөніндегі операциядан өткен науқастарды иммундық-супрессивтік препараттармен қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары-ның бюджеттеріне мақсатты ағымдық транс-ферттерді аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *туберкулезге, онкологиялық ауруларға, сусамырға қарсы күрес, бүйрек функциясы жетіспеушілігінің жіті және созылмалы нысанымен, сондай-ақ бүйректі ауыстырып қондырғаннан кейін емдеу-алдын алу жұмысының тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді жақсарту; вакцинациялау арқылы емделетін халықтың жұқпалы аурулармен науқастануының алдын алу және төмендету.

Ескерту

*) Іске асыру жөніндегі тізбе, Республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер бюджеттік бағдарламаның тиісті орындарының паспортында көрінеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
285-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Алматы қалалық бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту**

**үшін берілетін нысаналы даму трансферттері"**
**деген 032 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 500000 мың теңге (бес жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Алматы қаласы денсаулық сақтау объектілерінің сейсмоорнықтылығын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмокүшейту үшін республикалық бюджеттен трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 032 | | Алматы қалалық бюдже-тіне денсау-лық сақтау объек-тілері-нің сейсмо-тұрақ-тылығын күшейту үшін | Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмокүшейту үшін мақсатты инвестициялық трансферттер аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | беріле-тін ныса-налы даму транс-ферт-тері | | | сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *Алматы қаласының денсаулық сақтау объектісін сейсмокүшейтуді жүргізу.

Ескерту:

*) Бөлінген қаражатты бөлу туралы Алматы қаласы әкімінің шешіміне сәйкес объектілердің тізбесі, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар, күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
286-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бес жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 035 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 532285 мың теңге (бес жүз отыз екі миллион екі жүз сексен бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы, "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7-бабы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасы азаматтарының денсаулығы жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 5 жасқа дейінгі балаларды амбулаториялық емдеу деңгейінде дәрілік заттармен тегін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге мақсатты трансферттер аудару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 035 | | Облыс-тық бюджет-терге, Астана және Алматы қала-ларының бюджет-теріне бес жасқа дейінгі бала-ларды дәрі-дәрмек-пен қамта-масыз етуге беріле-тін ағымда-ғы ны-саналы транс-ферттер | Қазақстан Республика-сының Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республика-сының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама-сының іске асыру шеңбе-рінде облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне 5 жасқа дейінгі балаларды амбулаториялық емдеу деңгейінде дәрілік препараттармен тегін қамтамасыз етуге мақсатты ағымдық трансферттер аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *5 жасқа дейінгі балаларды амбулаториялық емдеу деңгейінде дәрілік препараттармен

тегін қамтамасыз ету есебінен балалардың өлім-жітімі көрсеткішін төмендету.
Е с к е р т у :

*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
287-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы**
**қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді**
**құрамында темір және йод бар препараттармен**
**қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"**
**деген 036 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 736794 мың теңге (жеті жүз отыз алты миллион жеті жүз тоқсан төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы , Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 7-бабы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 54-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: амбулаториялық деңгейде жүкті әйелдерді тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз етудің есебінен жүктілік асқынуларының және жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелер ауруларының алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне амбулаториялық емдеу деңгейінде жүкті әйелдерді құрамында темір мен йод бар препараттармен тегін қамтамасыз етуге мақсатты трансферттер аудару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 036 | | Облыс-тық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне жүкті әйел-дерді құра-мында темір және йод бар препа-раттар-мен қамта-масыз етуге беріле-тін ағымда-ғы ны-саналы транс-ферттер | Қазақстан Республика-сының Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасы-ның денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама-сының іске асыру шеңбе-рінде облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне амбулато-риялық емдеу деңгейінде жүкті әйелдер үшін құрамында темір мен йод бар препараттарды сатып алуға, мақсатты транс-ферттер аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *ана мен мерзімінен бұрын неонатальдық өлім көрсеткіштерін, жүктілік пен бала туу асқынуларын, жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің науқастану көрсеткішін азайту.

Ескерту:

*) Республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі

іс-шаралардың тізбесі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
288-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала медициналық тексеруді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 847844 мың теңге (сегіз жүз қырық жеті миллион сегіз жүз қырық төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы , Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 7-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: аурулардың диагностикасы және алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жекелеген азаматтарды

профилактикалық медициналық қарауды жүзеге асыруға мақсатты трансферттер аудару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Облыс-тық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне азамат-тардың жекеле-ген санат-тарын алдын ала ме-дицина-лық тексе-руді жүзеге асыруға беріле-тін ағымда-ғы ны-саналы транс-ферттер | Қазақстан Республи-касының Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын профилактикалық меди-циналық қарауды жүргізуге мақсатты ағымдық трансферттер аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *халықты профилактикалық медициналық қарауды жүргізу, аурудың көрсеткішін, мүгедектік пен жалпы өлім-жітімді азайту есебінен халық денсаулығы жай-күйінің көрсеткіштерін жақсарту.

Ескерту:

*) республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1354 қаулысына
289-ҚОСЫМША
226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5231000 мың теңге (бес миллиард екі жүз отыз бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 5 , 7-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 8 , 9-баптары; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ауруларды жоғары тиімді диагностикалау, алдын алу, емдеуді жүргізу үшін аудандық, қалалық және облыстық деңгейлерде бастапқы медициналық-санитарлық көмек, жедел шұғыл медициналық көмек көрсететін мемлекеттік ұйымдарды тиісті медициналық жабдықпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен, сондай-ақ шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған

санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтаудың емдеу-алдын алу ұйымдарын медициналық жабдықпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен, санитарлық автокөлікпен жарақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Облыс-тық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне денсау-лық сақтау-дың медици-налық ұйымда-рын жергі-лікті деңгей-де ма-териал-дық-техни-калық жарақ-танды-руға беріле-тін ағым-дағы нысана-лы транс-ферттер | Қазақстан Республикасы-ның Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсе-тетін ұйымдарды медици-налық жабдықпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, бастапқы медициналық-санитарлық көмек және жедел шұғыл медициналық көмек көрсететін мемлекеттік ұйымдарды санитарлық автокөлікпен жарақтан-дыруға мақсатты ағымдық трансферттер аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

*жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарын қазіргі заманғы медициналық жабдықпен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және санитарлық автокөлікпен жарақтандыру жолымен аурудың диагностикасы, емдеу деңгейі мен сапасын арттыру және осы негізде халықтың денсаулығын жақсарту, аурудың, мүгедектік пен өлімнің алдын алу және азайту.

Ескерту:

*) республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін

нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 290-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру бойынша оқыту құнының ұлғаюы бойынша шығыстарды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 039 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 95631 мың теңге (тоқсан бес миллион алты жүз отыз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджеттік кодексі ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 24, 43, 44-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 39, 42-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; " 2000-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25

мамырдағы N 790 қаулысы ; "Білім беру қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: денсаулық сақтау саласын орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық және фармацевтикалық орта білім беру саласында Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға мақсатты трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 039 | | Облыс-тық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне мемле-кеттік тапсы-рыс шеңбе-рінде орта кәсіп-тік білім беру бойынша оқыту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес медицина колледж-дерінде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытудың құнын ұлғайтуға байланысты шығыстарды жабуға облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттері-не мақсатты ағымдық трансферттер аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар, еңбек рыногында бәсекеге қабілетті мамандарды жоспарлы түрде даярлап шығару.

Ескерту: *) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1354 қаулысына
291-ҚОСЫМША
226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"**
**деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 149771 мың теңге (бір жүз қырық тоғыз миллион жеті жүз жетпіс бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 24, 27, 35, 43, 44-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 29-бабы , "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18, 48, 51-баптары ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 39, 42-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "2000-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 790 қаулысы ; "Білім беру қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: медицина кадрларының кәсіби білімдері мен дағдыларын тереңдету және денсаулық сақтау саласындағы менеджмент, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру мәселелері бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы практика дәрігерлерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын тереңдетуге және денсаулық сақтау саласындағы менеджмент, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру мәселелері бойынша кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға мақсатты ағымдағы трансферттер аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *облыстарда, Астана және Алматы қалаларында практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес медицина кадрларының кәсіби деңгейін, білімдерін , практикалық дағдыларын арттыру және денсаулық сақтау саласындағы менеджмент, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

Ескерту: *) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
292-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы**
**қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде**
**қан орталығын материалдық-техникалық**
**жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"**
**деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 200000 мың теңге (екі жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2030 жылға дейін Қазақстанның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарды қанмен, оның компоненттерімен және препараттармен қамтамасыз етуді арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті деңгейдегі қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға мақсатты ағымдық трансферттер аудару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 041 | | Облыс-тық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне жергі-лікті деңгей-де қан орталы-ғын ма-териал-дық-техни-калық жарақ-танды-руға беріле-тін ағым-дағы нысана-лы транс-ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық, Астана және Алматы қала-ларының кан орталықта-рын материалдық-техникалық жарақтан-дыруға мақсатты ағымдық трансферттерді аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

*жергілікті деңгейдегі қан орталықтарының материалдық-техникалық базаларын нығайту.

Ескерту:

*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
293-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

# 2005 жылға арналған "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес" деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 18789 мың теңге (он сегіз миллион жеті жүз сексен тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет кодексі ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 16, 21-баптары , "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18, 47-баптары , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , "Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңының 16-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "2001-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиясы туралы" 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: наркологиялық бұзылулары бар халықтың сырқаттануын төмендету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: наркологиялық бұзылулары бар халықтың сырқаттануын төмендету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| | Бағдар- | Кіші бағ- дар- | Кіші бағдар- лама- | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N п/п | лама коды | лама коды | лардың атауы | | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 104 | | Нашақорлық-қа және есірткі бизне-сіне қарсы күрес | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес Фармация комите-тінің 14 облыстық, Астана және Алматы аумақтық органдары үшін есептеуіш техникаларды алу. Есірткіге тәуелді адамдардың арасында 2000-2005 жылдары емдеу-алдын алу және оңалту жұмыстарын жетілдіруге бағыттал-ған ғылыми зерттеулер-ді орындау жөніндегі және жобаның мемлекет-тік сараптамасы мен бағдарламаның нәтижеле-рін орындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Денсаулық сақтау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: денсаулық сақтау ұйымдары мен дәріхана ұйымдарындағы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымын бақылауды күшейту, нашақорлықпен ауыратын науқастарды уақытша оңалтудың ұзақтығы мен сапасын арттыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК